


**Бос лауазымға орналасуға конкурс өткізу
бойынша Комиссия отырысының
№ 24 хаттамасы**



2025 жылғы «25» тамыз
Өскемен қ., Қазақстан көш., 59/1
16:00

2025 жылғы 21 тамыздан №73-п өндірістік бұйрығына сәйкес комиссия келесі құрамда бекітілді:

Комиссия төрағасы:

- Ринат Арыстанбекулы Арыстанбек - аппарат басшысы-корпоративтік хатшы.

Комиссия төрағасының орынбасары:

- Таңат Сағатұлы – Басқарма Төрағасының орынбасары.

Комиссия мүшелері:

- Канатбек Болатович Мирзабеков – Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Айтмухамбет Алмадиевич Курманғалиев – ШҚО ардагерлер кеңесінің мүшесі, ШҚО әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, қоғам өкілі (келісім бойынша);
- Дидар Социалулы Мажиринов – несиелеу департаментінің директоры.

Бақылаушы:

- Асет Адылканович Енсебаев – аудитор.

Комиссия хатшысы:

- Ажар Кауашовна Бердагужинова – құжаттамалық қамтамасыз ету және персоналды басқару департаментінің директоры.

Айтмухамбет Алмадиевич Курманғалиев – ШҚО ардагерлер кеңесінің мүшесі, ШҚО әдеп жөніндегі кеңес мүшесі, қоғам өкілі – жоқ болды.

Бос лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу үшін кворум бар.

Комиссия төрағасы және мүшелері қаралатын мәселелер бойынша мүдделер қақтығысының болуын жоққа шығарады.

Конкурстық комиссия отырысының күн тәртібі:



1. Басқарма Төрағасының орынбасары бос лауазымына орналасу үшін іріктеу өткізу туралы.
2. Активтер департаментінің директоры бос лауазымына орналасу үшін іріктеу өткізу туралы.

Күн тәртібіндегі сұрақ бойынша құжаттамалық қамтамасыз ету және персоналды басқару департаментінің директоры А.К. Бердагужинова сөз сөйледі:

I. Басқарма Төрағасының орынбасары бос лауазымына:

3 үміткерден түйіндеме келіп түсті.

Бірінші үміткер, Жарас Ержанович Абыканов – жоғары білімді, есеп және аудит, экономика мамандығы бойынша біліктілігі бар. Еңбек жолын 2013 жылы «Еуразиялық банк» АҚ-ның қаржы кеңесшісі қызметімен бастады. «Банк ЦентрКредит» АҚ аймақтық несиелік талдау орталығының ірі және орта бизнес секторының тәуекел талдаушысы, «Сбербанк» АҚ ДБ корпоративтік кәсіпкерлік бөлімінің жетекші несие менеджері, сондай – ақ, «Альфа Банк» АҚ ДБ орта бизнесті несиелендіру бөлімінің бас талдаушысы қызметтерінде жұмыс жасады. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Шығыс Қазақстан облысы бойынша



филиалының несиелеу бөлімінің басшысы қызметінде 4 жыл 6 ай еңбек өтілі бар. Өскемен қ. «Зыряновское» ТОО, Шығыс Қазақстан облысы «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ несиелеу бөлімінің басшылық лауазымдарында болған. Қазіргі уақытта Алматы қаласы «Aksay group» ТОО қаржылық директоры міндетін атқарушы болып жұмыс жасайды.

Қоғамның қойған талаптарына сәйкес үміткердің түйіндемесі комплаенс-офицер мен құжаттамалық қамтамасыз ету және персоналды басқару департаменті бірігіп комплаенс тексеруден өткізді.

Алдын ала таңдау жүргізу отырысында комиссия шешімімен үміткер Ж.Е. Абыкановты келесі кезеңге өткізу ұсынылды.

Үміткер Ж.Е. Абыкановпен әңгімелесу барысында комиссия мүшелері кандидатқа 2025 жылғы 21 тамыздағы №73-п бұйрығымен бекітілген сұрақтарды қойды. Қойылған сұрақтарға жауаптар толық және жан-жақты берілмеді. Бағалау парағына сәйкес – 152 балл.


Екінші үміткер, Әл-Фараби Талапұлы Ашықбай – жоғары білімді, заңгер, құрылыс мамандығы бойынша біліктілігі бар. Еңбек жолын 1999 жылы Атырау облысы Ішкі істер басқармасының аға тергеушісі жұмысымен бастады. Ішкі істер басқармасы бастығының жедел жұмыс жөніндегі орынбасары. Ішкі істер департаменті бастығының жедел жұмыс жөніндегі орынбасары, Атырау облысы бойынша соттар әкімшілігінің аға сот приставы, Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы, департамент басшысы орынбасары қызметтерінде болған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қоғамдық көмекшісі, Маңғыстау облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы «Есеп беру және сапаны талдау» кафедрасының меңгерушісі қызметтерінде жұмыс атқарды. 2017-2022 жылдары Мұнайлы ауданы әкімінің кеңесшісі, «Каспий» ӘКК» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер бойынша кеңесшісі, Түпқараған ауданы әкімінің кеңесшісі болып жұмыс жасады. 2023-2024 жылдары Мемлекеттік еңбек инспекциясының Жаңаөзен қаласы бойынша басқармасының басшысы қызметін атқарды.

Қоғамның қойған талаптарына сәйкес үміткердің түйіндемесі комплаенс-офицер мен құжаттамалық қамтамасыз ету және персоналды басқару департаменті бірігіп комплаенс тексеруден өткізді.

Алдын ала таңдау жүргізу отырысында комиссия шешімімен үміткер Ә.Т. Ашықбайды келесі кезеңге өткізу ұсынылды.

Үміткер Ә.Т. Ашықбаймен әңгімелесу барысында комиссия мүшелері кандидатқа 2025 жылғы 21 тамыздағы №73-п бұйрығымен бекітілген сұрақтарды қойды. Қойылған сұрақтарға жауаптар толық берілмеді, Бағалау парағына сәйкес – 147 балл.

Үшінші үміткер, Бауыржан Мамутханович Кудияров – білімі – жоғары, құқықтану, транспорттық құрылыс мамандықтарын тәмамдаған. 26 жыл еңбек өтілі бар. Еңбек жолын 1999 жылы Қазақстан Республикасының кедендік органдарында, Астана қаласы бойынша Кеден басқармасында жұмыс жасап бастаған. 2004 жылы Алматы өңірлік гарнизоны Әскери полиция отряды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес ұйымының аға инспекторы қызметін атқарды. Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы бастығының орынбасары, Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасының "Майқапшағай", "Бахты" көліктік бақылау бөлімінің бастығы, басшы орынбасары қызметтерінде, сондай-ақ, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша көліктік бақылау "Ертіс" өңірлік инспекциясының автокөлікті бақылау бөлімі бас маманы, басшысы қызметтерін атқарды. 2013 жылы Шығыс Қазақстан облысы Өскемен

 2

қаласының құрылыс бөлімінің басшысы болып 5 жыл жұмыс жасады. Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімінің орынбасары, Шығыс Қазақстан облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысы қызметтерінде болды. Қазіргі уақытта Жауапкершілігі шектеулі серіктестік « BERGSTEIN», Бақылау кеңесінің төрағасы қызметін атқарып жүр.

Қоғамның қойған талаптарына сәйкес үміткердің түйіндемесі комплаенс-офицер мен құжаттамалық қамтамасыз ету және персоналды басқару департаменті бірігіп комплаенс тексеруден өткізді.

Алдын ала таңдау жүргізу отырысында комиссия шешімімен үміткер Б.М. Кудияровты келесі кезеңге өткізу ұсынылды.

Үміткер Б.М. Кудияровпен әңгімелесу барысында комиссия мүшелері кандидатқа 2025 жылғы 21 тамыздағы №73-п бұйрығымен бекітілген сұрақтарды қойды. Қойылған сұрақтарға жауаптар толық және жан-жақты берілді. Бағалау парағына сәйкес - 256 балл.

Активтер департаментінің директоры бос лауазымына:

4 үміткерден түйіндеме келіп түсті. 2 үміткер: Кайдар Сайкенович Сурашев пен Ербол Байгумарович Уркумбаев комиссия хатшысын қоңырау шалу арқылы ескертіп, өз еріктерімен конкурсқа қатысудан бас тартты.


Бірінші үміткер, Жарас Ержанович Абыканов – жоғары білімді, есеп және аудит, экономика мамандығы бойынша біліктілігі бар. Еңбек жолын 2013 жылы «Еуразиялық банк» АҚ-ның қаржы кеңесшісі қызметімен бастады. «Банк ЦентрКредит» АҚ аймақтық несиелік талдау орталығының ірі және орта бизнес секторының тәуекел талдаушысы, «Сбербанк» АҚ ДБ корпоративтік кәсіпкерлік бөлімінің жетекші несиелендіру менеджері, сондай – ақ, «Альфа Банк» АҚ ДБ орта бизнесті несиелендіру бөлімінің бас талдаушысы қызметтерінде жұмыс жасады. «Аграрлық несиелендіру корпорациясы» АҚ Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалының несиелендіру бөлімінің басшысы қызметінде 4 жыл 6 ай еңбек өтілі бар. Өскемен қ. «Зыряновское» ТОО, Шығыс Қазақстан облысы «Аграрлық несиелендіру корпорациясы» АҚ несиелендіру бөлімінің басшылық лауазымдарында болған. Қазіргі уақытта Алматы қаласы «Aksay group» ТОО қаржылық директоры міндетін атқарушы болып жұмыс жасайды.

Қоғамның қойған талаптарына сәйкес үміткердің түйіндемесі комплаенс-офицер мен құжаттамалық қамтамасыз ету және персоналды басқару департаменті бірігіп комплаенс тексеруден өткізді.

Алдын ала таңдау жүргізу отырысында комиссия шешімімен үміткер Ж.Е. Абыкановты келесі кезеңге өткізу ұсынылды.

Үміткер Ж.Е. Абыкановпен әңгімелесу барысында комиссия мүшелері кандидатқа 2025 жылғы 21 тамыздағы №73-п бұйрығымен бекітілген сұрақтарды қойды. Қойылған сұрақтарға жауаптар толық берілмеді. Бағалау парағына сәйкес - 125 балл.

Екінші үміткер, Данияр Сагиддолаевич Темирбеков – білімі жоғары, құқықтану, заңтану мамандықтары бойынша біліктілігі бар. Еңбек жолын 2008 жылы ШҚ ӨГПО «Дарын» заңгер қызметімен бастады. Тергеу, анықтау және жедел іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалау бөлімінің Өскемен қаласы прокурорының көмекшісі, Әкімшілік және азаматтық істер бойынша сот актілерінің және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау бөлімінің Өскемен қаласы прокурорының көмекшісі, Жарма ауданының прокурорының көмекшісі қызметтерінде жұмыс жасады. Ұсталған, қамауға алынған және қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтарының сақталуын қадағалау



жөніндегі Жарма ауданы прокуратурасының прокуроры қызметін атқарған. Қазіргі уақытта «Ертіс» ӘКК» АҚ заң департаментінің директоры қызметін 2023 жылдан бастап атқаруда.

Қоғамның қойған талаптарына сәйкес үміткердің түйіндемесі комплаенс-офицер мен құжаттамалық қамтамасыз ету және персоналды басқару департаменті бірігіп комплаенс тексеруден өткізді.

Алдын ала таңдау жүргізу отырысында комиссия шешімімен үміткер Д.С. Темирбековты келесі кезеңге өткізу ұсынылды.

Үміткер Д.С. Темирбековпен әңгімелесу барысында комиссия мүшелері кандидатқа 2025 жылғы 21 тамықтағы №73-п бұйрығымен бекітілген сұрақтарды қойды. Қойылған сұрақтарға жауаптар толық және жан-жақты берілді. Бағалау парағына сәйкес - 228 балл.

1. Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына үміткер Б.М. Кудияровты тағайындау үшін ұсыныс енгізілді.

«ИӘ» - Р.А. Арыстанбек, Т. Сағатұлы, К.Б. Мирзабеков, Д.С. Мажиринов

«Қарсы» - жоқ.

«Қалыс қалды» - жоқ.

2. Активтер департаментінің директоры лауазымына үміткер Д.С. Темирбековты тағайындау үшін ұсыныс енгізілді.

«ИӘ» - Р.А. Арыстанбек, Т. Сағатұлы, К.Б. Мирзабеков, Д.С. Мажиринов

«Қарсы» - жоқ.

«Қалыс қалды» - жоқ.

Комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері:

Бақылаушы:

Комиссия хатшысы

Р. Арыстанбек

Т. Сағатұлы

К. Мирзабеков

Д. Мажиринов

А. Енсебаев

А. Бердагужина